



АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫН ӨСІРГЕН
28 КӘСІПКЕР ЖАУАПҚА ТАРТЫЛДЫ

2



АЛТЫНТӨБЕДЕ 4 ЖАСАР
КАЛЬКУЛЯТОР БАЛА ТҰРАДЫ

3

№07 (747). 20 ақпан, 2026 жыл

Өзгені сынағанша, өзінді түзет!



ҚЫЗМЕТ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

www.kyzmet-gazeti.kz

Газет 2009 жылдың 19 маусымынан шыға бастады



ОРАЗАНЫ ҚАЛАЙ ЖЕҢІЛ ӨТКІЗУГЕ БОЛАДЫ?

Көпшілік күткен қасиетті Рамазан айы жақындап қалды. Биыл ораза 19 ақпаннан басталады. Бұл кезеңде тамақтану тәртібіне ерекше көңіл бөлу маңызды. Осы орайда диетолог, нутрициолог Салтанат Болатбекқызы ел.кз-нің тілшісіне оразаны ағзаға салмақ түсірмей өткізу жолдарын айтып берді.

РАМАЗАН НЕСІМЕН ЕРЕКШЕ?

Рамазан – ислам дініндегі ең қасиетті кезеңнің бірі, мұсылмандар үшін рухани тазару мен өзін тәрбиелеу айы саналады. Хижа күнтізбесі бойынша тоғызыншы айға сәйкес келеді. Осы уақыт аралығында әлемнің түкпір-түкпіріндегі мұсылмандар таң атқаннан күн батқанға дейін тамақтанудан, су ішуден және басқа да нәпсі қалауынан бас тартады.

Оразаның мәні тек аш жүру емес. Бұл – адамның сабырын, ерік-жігерін шыңдап, өзін бақылауға үйрететін кезең. Күнделікті қажеттіліктерді уақытша шектеу арқылы адам материалдық әдеттерден алыстап, рухани құндылықтарға көбірек көңіл бөледі. Осылайша Рамазан мұсылманға іс-әрекетін саралап, ниетін түзеп, жүрек тазалығына ұмтылуға мүмкіндік береді.

КІМГЕ ОРАЗА ҰСТАУҒА БОЛМАЙДЫ?

Диетолог, нутрициолог Салтанат Болатбекқызының айтуынша, ораза ең алдымен денсаулығы тұрақты, асқынған немесе ауыр созылмалы аурулары жоқ адамдарға арналған. Оның сөзінше, бұл тек рухани тәжірибе емес, ағзаға түсетін елеулі физиологиялық жүктеме, сондықтан өзін сау сезінетін адамның өзі алдын ала тексеріліп, тәуекелдерді бағалағаны дұрыс.

– Ораза – тек діни міндет емес, организмге әсер ететін маңызды кезең. Адам өзін жақсы сезінсе де, алдын ала дәрігерге қаралып, жағдайын біліп алғаны жөн. Әр адамның ағзасы әртүрлі, сондықтан жеке кеңес асқынудың алдын алады, – дейді ол.

Маман кейбір жағдайда ораза ұстау ұсынылмайтынын айтады. Асқазан-ішек жолы аурулары асқынған кезде, соның ішінде гастрит, ойық жара, панкреатит, крон ауруы немесе ойық жаралы колит кезінде, жедел ішек инфекцияларында, өт-тас ауруы қозған шақта, қан жүйесінің патологиясы, белсенді туберкулезде, бронхитпен демікпеде, салмақтың айқын жетіспеушілігінде және ауыр психикалық бұзылыстарда оразадан бас тарту қажет.

– Ауру асқынған кезде ашығу ағзаға қосымша жүктеме береді. Әсіресе асқазан, ішек, өт, тыныс алу немесе қан аурулары кезінде қауіп жоғары болады. Мұндай жағдайда ораза ұстау емді қиындатып, жағдайды нашарлатуы мүмкін, – деп түсіндіреді нутрициолог.

(Жалғасы 6-бетте).



ТАРИХИ АЛТЫН: ОЛИМПИАДА ЧЕМПИОНЫ АТАНҒАН МИХАИЛ ШАЙДОРОВ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Америкалық The New York Times басылымы әлеуметтік желідегі парақшасында Италияда өткен 2026 жылғы Олимпиадада топ жарған қазақстандық мәнерлеп сырғанаушы Михаил Шайдоров туралы жазба жариялады.

– Әлемдік рейтингте үшінші орын алған қазақстандық Михаил Шайдоров алтын медальға әбден лайық екенін дәлелдеді. Оның ерлер арасындағы жеке сайыстағы сенсациялық жеңісі – Қазақстанның қысқы Олимпиада тарихындағы небәрі екінші алтын жүлде, – деп атап өтті.

Сондай-ақ басылымда АҚШ атынан өнер көрсеткен америкалық мәнерлеп сырғанаушы Илья Малининнің қазақстандық қарсыласына деген құрметі сөз болды.

– Жарыс алдында басты фаворит саналған америкалық Илья Малинин жүлдеге іліге алмады. Алайда ол алтын медаль иегерін қол алысып, құшақтап құттықтады, – деп жазды басылым.

Өз кезегінде Малинин жаңадан Олимпиада чемпионы атанған Шайдоровты қалай құттықтағанын айтып берді:

– Мен Шайдоровқа барып, оны құттықтадым. Оның сырғанағанын киім ауыстыратын бөлмеден бақыладым және мен оған өте мақтанатынымды айтқым келеді. Оның маусымы аса сәтті болмағанын естідім. Бұл спортта біз бір-бірімізді әрдайым қолдаймыз. Мәнерлеп сырғанауды ерекше ететін де – осы. Адамдар кейде мұны ұмытып кетеді. Олар тек бәсекелестікті көреді де, бізді бір-біріне қарсылас, аралары суық спортшылар деп ойлайды. Ал шын мәнінде керісінше – біз бір үлкен отбасы секілдіміз. Маған жеңіске жету үшін мінсіз бағдарлама қажет емес екенін білдім. Бірақ қателіктер жібердім. Нақты не болғанын әлі де түсінуге тырысып жүрмін, – деп келтіреді Малининнің сөзін басылым.

Айта кетейік, қысқа бағдарламадан кейін көш бастап тұрған Малинин еркін бағдарламада 156,33 ұпай жинап, жалпы есепте 264,49 ұпаймен сегізінші орынға тұрақтады.

(Жалғасы 5-бетте).

« ҚЫЗМЕТ » ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР. ИНДЕКС: 64295



ҚАЗАҚТЫҢ ӘР ТӨБЕСІ
МӘРТЕБЕЛІ

4



ОРАЗАНЫ ҚАЛАЙ ЖЕҢІЛ
ӨТКІЗУГЕ БОЛАДЫ?

6

АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫН ӨСІРГЕН 28 КӘСІПКЕР ЖАУАПҚА ТАРТЫЛДЫ

Түркістан облысы аумағында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру және негізсіз қымбаттауға жол бермеу мақсатында бақылау шаралары күшейтілді.



- Сауда нысандарында тұрақты мониторинг жүргізіліп, сауда үстемәксінің сақталуы бақылануда. Бүгінде өңірде арнайы құрылған мобильді топтар базарлар мен ірі сауда желілерінде түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатыр. Сауда желілеріндегі баға үстемесін қадағалау мақсатында тұрақты мониторинг жұмыстары ұйымдастырылуда. Жыл басынан бері әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары

бағаларын негізсіз өсіргені үшін сауда орындарына қатысты 28 әкімшілік шара қолданылды. Нәтижесінде 102 860 теңге айыппұл салынып, толық өндірілді. Ал 2025 жылы 97 әкімшілік шара қолданылып, 564 250 теңге өндірілген, - деп хабарлады Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Сонымен қатар бағаны тұрақтандыру мақсатында тұрақтандыру қоры арқылы ірі сауда нүктелеріне азық-түлік тауарлары жеткізіліп, делдалдық тізбекті қысқарту бойынша жүйелі жұмыстар атқарылуда.

- Тұрақтандыру қорында 22 мың тонна әлеуметтік маңызы бар азық-түлік қоры қалыптастырылған. Әр апта сайын өткізілетін жәрменкелер азық-түлік тауарларын өндіретін шаруаларға делдалдарсыз тікелей саудалауға мүмкіндік беруде. Осының арқасында, тұтынушылар азық-түлік тауарларын нарықтық бағадан 20-30% төмен бағада сатып алуда. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын халыққа қолжетімді ету мақсатында облыста 40 әлеуметтік дүкен қызмет етеді. Әлеуметтік дүкендердегі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағалары нарықтық бағадан 25-30% төмен. Қабылданып жатқан шаралар өңір тұрғындарын қолжетімді бағада азық-түлікпен қамтамасыз етуге және нарықтағы баға тұрақтылығын сақтауға бағытталған. Бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасады, - делінген хабарламада.

ШЕТЕЛДІК ИНТЕРНЕТ ДҮКЕНДЕРДЕН ҚЫМБАТ ТАУАР САТЫП АЛҒАНДАРҒА САЛЫҚ САЛЫНАДЫ

Қазақстанда шетелдік интернет дүкендерден тауар алатындар үшін жаңа кедендік ережелер енгізіледі. Енді 200 еуродан қымбат тауар сатып алғандарға салық салынады.

Қаржы министрлігінің мәліметінше, шетелдік маркетплейстерден тапсырыс беретіндер үшін интернеттен сатып алуға қатысты жаңа ережелер енгізіледі.

"Мұндай тауарлар бұдан былай "жеке пайдалануға арналған тауарлар" деп аталмайды. Енді шетелден интернет арқылы алынған тауарлар бөлек санатқа - "электронды сауда тауарлары" деп тіркеледі. Мұндай сәлемдемелер міндетті түрде кедендік рәсімдеуден өтеді. Бірақ сатып алушыға ешқандай құжат толтырудың қажеті жоқ. Барлық рәсімдеуді арнайы компаниялар өздері атқарады. Ал адам бұрынғыдай не сәлемдемені өзі барып алады, не үйіне жеткізіп береді", - деп түсіндірді ведомство.

Мемлекеттік кірістер департаментінің

мәліметінше, бұл өзгерістер тек қымбат тауарларды шетелден сатып алатындарға қатысты болады.

"Қазір шетелден сатып алынған 200 еуродан жоғары тауарларға 15% кедендік төлем және кейде салмаққа байланысты қосымша төлемдер салынады. Жаңа ережеге сәйкес, 200 еуродан асатын тауар үшін кедендік баж тауардың бағасының 5%-ы, бірақ әр келісіне кемінде 1 еуро болады. Сонымен қатар 16% ҚҚС төленеді. Ал егер сәлемдеме 200 еуродан артық болмаса, сатып алушылар бұрынғыдай ештеңе төлемейді. Салмақ бойынша шек жойылады", - деді ведомство.

Барлық кедендік рәсімдеуді "электронды сауда операторлары" атқарады. Олар тауарларды жеткізеді, сақтайды, кедендік құжаттарын толтырады және сатып алушыға береді.

Оларға арнайы ереже енгізіледі: операторларды тізімге қалай енгізу керек, олардың құқықтары мен міндеттері қандай, жауапкершілігі қандай, қызметін тоқтату немесе тізімнен шығару тәртібі қалай болатыны анық көрсетіледі.



ДАЙЫН ҚҰЖАТТЫ КЕЗ КЕЛГЕН УАҚЫТТА АЛЫП КЕТУГЕ БОЛАДЫ

«Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясының мәліметінше, бұл мүмкіндікті тәулік бойы және демалыссыз жұмыс істейтін құжат беруге арналған автоматтандырылған постамааттар қамтамасыз етеді, деп хабарлайды BAQ.KZ тілшісі.

Постамаат қызмет алушыға дайын құжатты жеке ұяшық арқылы өз бетінше алып кетуге мүмкіндік береді. Құжат дайын болған кезде азаматтың телефон нөміріне SMS-хабарлама жіберіліп, онда ұяшықты ашуға арналған жеке код көрсетіледі. Сонымен қатар азамат биометриялық сәйкестендіруден өтеді.

- Қазіргі таңда еліміздің 10 өңірінде жалпы саны 14 постамаат жұмыс істейді. Олар арқылы мемлекеттік қызметтердің 19 түрі бойынша дайын құжаттарды алуға болады. Олардың қатарында туу туралы, некеге тұру, некені бұзу және қайтыс болу туралы қайталама куәліктер, архивтік анықтамалар, сондай-ақ аттестаттар, дипломдардың телнұсқалары бар, - делінген хабарламада.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Семей, Тараз және Түркістан қалаларының тұрғындары постамаат қызметін ең көп пайдаланған.

Айта кетейік, постамаат арқылы құжат алу тәртібі қарапайым. ХҚКО-да өтініш беру кезінде азамат дайын құжатты алу тәсілін таңдап, оны автоматтандырылған

пункт арқылы алуға келісім беруі қажет. Құжат дайын болғаны туралы SMS келгеннен кейін, оны үш күн ішінде алып кетуге болады. Егер осы уақыт ішінде алынбаса, құжат ХҚКО маманы арқылы әдеттегі тәртіппен беріледі.

2026 жылы постамаат арқылы құжат беру қызметінің құны 518 теңгені құрайды.

Мемлекеттік корпорацияның мәліметінше, постамаат қызметі азаматтарға дайын құжаттарды ыңғайлы уақытта алып кетуге мүмкіндік береді және мемлекеттік қызметтерді алу тәсілдерін кеңейтеді. Бұл қызмет әсіресе жұмыс уақытында ХҚКО-ға келе алмайтын тұрғындар үшін тиімді.

Постамаат орнатылған ХҚКО мекенжайлары

- Астана – Керей, Жәнібек хандар көшесі, 4
- Астана – Республика даңғылы, 43
- Алматы (Медеу ауданы) – Марков көшесі, 44
- Алматы (Әуезов ауданы) – Жандосов көшесі, 51
- Алматы (Алатау ауданы) – Нұркент шағынауданы, 5/17
- Шымкент (Әл-Фараби ауданы) – Жангелдин көшесі, 13А
- Тараз – Төле би даңғылы, 89Г
- Қордай – Батыс тұрғын алабы, 25
- Қарағанды – Тәттімбет көшесі, 709
- Қызылорда – Астана даңғылы, 46
- Павлодар – Павлов көшесі, 48
- Түркістан – 160-ықшамаудан, 236-құрылыс
- Семей – 408-көше, 21-ықшамаудан
- Көкшетау – Әуезов көшесі, 189А

ОРТАША ЗЕЙНЕТАҚЫ МӨЛШЕРІ АТАЛДЫ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстандағы зейнетақының орташа мөлшерін атады.

Ведомство мәліметінше, жыл басынан бері республикалық бюджеттен зейнетақы төлемдеріне 395,2 млн теңге жұмсалған. Оның ішінде базалық зейнетақыға – 131,3 млн теңге, алындымақты зейнетақыға – 263,9 млн теңге бағытталған.

2026 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша елдегі зейнеткерлер саны – 2 млн 538 мың адам.

Министрлік 2026 жылғы 1 ақпанда жиынтық зейнетақының орташа мөлшері 157 843

теңге болғанын мәлімдеді. Соның ішінде ынтымақты зейнетақы – 103 931 теңге, базалық зейнетақы – 53 912 теңге.



МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА СМАРТФОН ҰСТАУҒА ТОЛЫҚ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

Қазақстанда мектеп оқушыларына смартфондарды пайдалануға толық тыйым салу жоспарланып отыр. Тиісті түзету педагог мәртебесі мен білім беру мәселелері жөніндегі заң жобасында қарастырылған, - деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі.

Қазір әр мектептің әкімшілігі оқушыларға смартфонды қай жағдайда қолдануға болатынын өз бетінше айқындай алады. Заң жүзіндегі тыйым тек сабақ кезінде қолданылады, ал үзіліс кезінде оқушыларға смартфон пайдалануға рұқсат етілген. Сонымен қатар, егер телефон оқу мақсатында



қажет болса, оны мұғалімнің шешімімен қолдануға болады.

Алайда заң жобасының салыстырмалы кестесіне сәйкес, бұл норманы алып тастау және оқушылардың гаджеттерді пайдалануына рұқсат беру немесе тыйым салу құқығын білім беру саласындағы уәкілетті органға беру ұсынылып отыр. Болжам бойынша, бұл - Оқу-ағарту министрлігі немесе аумақтық білім басқармалары болуы мүмкін.

Депутаттар оқушылардың құқығы мен міндеттеріне қатысты 47-баптың мынадай жаңа редакциясын ұсынып отыр:

"Орта білім беру ұйымдарында оқу процесі кезінде оқушыларға ұялы телефонды (смартфонды) қолдануға болмайды. Тек білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен арнайы ережеде көрсетілген ерек-

ше жағдайларда пайдалануға рұқсат етіледі".

Негіздемеде смартфондарды пайдалануға тыйымды тек оқу кезінде емес, үзіліс уақытында да енгізу кибербуллинг пен деструктив контентті қауіпін азайтуға, мектептегі тәртіп пен қауіпсіздікті нығайтуға, оқушылар арасындағы тірі қарым-қатынасты және әлеуметтенуді арттыруға, сондай-ақ, салауатты білім беру ортасын қалыптастыруға мүмкіндік беретіні айтылған.

Еске салайық, мектеп оқушыларына сабақ кезінде смартфон пайдалануға заңнамалық тыйым 2024 жылдың басында енгізілген болатын. Қазір сабақ барысында смартфон қолдануға болмайды, ал үзіліс кезінде оқушылар гаджеттерді қайта пайдалана алады.

АЛТЫНТӨБЕДЕ 4 ЖАСАР КАЛЬКУЛЯТОР БАЛА ТҰРАДЫ

Өткен аптада калькулятор бала туралы ақпарат бір мезетте барлық әлеуметтік желіні алды да кетті. Таңқалғандар бөлісті, сөйтті де тына қалды. Әлеуметтік желінің әлеуеті осы, өзі. Тақырып ұсынды, ой салды. Жалпы қазіргі заманда балалардың қабілеті ерте ашылып, зияткерлік мүмкіндігі бұрынғыдан да жылдам дамып келе жатқанын көріп жүрміз. Жалпы төрт жастағы бала нені білуі керек? Әліппені әрең танып, ойынға алаңдайтын шақта үш таңбалы сандарды ойша көбейту мүмкін бе? Осы сауалдар бізді де ойландырды. Қазығұрттың баурайындағы алақандай ғана Алтынтөбе ауылында өсіп келе жатқан Әли Адамбек туралы толыққанды ақпарат алып, ата-анасымен сөйлестік.



ЕРТЕ ТАНЫЛҒАН ҚАБІЛЕТ

Анасының айтуынша басқа балдырғандар секілді Әли екі жасынан бастап балабақшаға барған. Бірақ уақыт өте келе оның балабақшаға деген қызығушылығы бәсеңдей бастаған. Анасы Нұргүл Мырзағали бұл жағдайды баласының білімге ерте сусындауымен байланыстырады.

– Балам ол кезде оқу-жазуды, есеп шығаруды менгеріп қойған еді. Балабақша бағдарламасы оған жеңіл көрінген болуы керек. Тәрбиешілері де оның математикалық амалдарды айрықша орындайтынын айтып, ойлау деңгейі жоғары сынып оқушыларымен тең екенін жеткізді. «Мүмкін, мектепке апарып көрерсіз?» деген ұсыныс жасады.

Апайымыздың кеңесіне құлақ асып, баламызды мектептің даярлық тобына беретін болып мектепке бардық. Мұғалімдер алғашында таңырқай қарағанымен, қарым-қабілетін тексеріп көрген соң, сабаққа қатысуына рұқсат береді. Кішкентай Әли мектеп бағдарламасын еш қиындықсыз менгеріп кетеді. Тіпті демалыс күндері де мектепке барғысы келіп, таңертең ерте оянып алатын әдет шығарады. Білім алу оның мінезін өзгертті.

Бастапқыда өзінен үлкен оқушылармен бірден араласып кете алмаған Әлидің үзілісте анасына келіп кететін кездері де жиі кездескен. Ал, қазір білім теңестіріп кетсе керек, ол даярлық сыныбындағы балалармен етене араласып, ортаға бейімделіп үлгеріпті.

САНАНЫ «СЫНДЫРАТЫН» МУЛЬТФИЛЬМДЕРДЕН АУЛАҚПЫЗ

Кішкентай математиктің анасы Нұргүл де мұғалім. Мектепте ағылшын тілі пәнінен сабақ береді. Осындай елдің назарын аударған талантты баланы қалай тәрбиеледіңіз деген сауалымызға былай деп жауап берді.

– Бесік жырын айтып, ертегілер оқып, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруге тырыстым. Телефонға тәуелді болуына жол

бермеуге тырыстым. Дегенмен, бала болған соң кейде кластастарына қарап қызығып кетеді. Қатарынан қалмасын деп сабағын орындағаннан кейін ғана белгілі бір уақытқа телефон ақтаруға рұқсат етемін. Қарап отырған дүниелерін де бақылауда ұстаймын. Сананы «сындыратын» мультфильмдерден аулақпыз. Әлидің өзі де аса қызыға қоймайды.

Сабақтан келген соң Әли алдымен «Әліппесін» оқып, үй тапсырмасын орындайды екен. Кейін домино, құрастырмалы текшелермен ойнағанды жақсы көреді. Паракка немесе планшетке әріптер мен сандарды жазып, өз бетінше көп ізденеді. Сандарды жазған сайын ерекше бір әсерге бөленеді. Ол гипербелсенді емес, керісінше, байсалды мінезді. Далада да ұзақ асыр салып ойнамайды, көбіне терең ойға шомып жүреді. Кейде анасына: «Мынаны қалай жасасам болады?» деп бағыт сұрайды. Нұсқау алған соң, өзі тез қағып алып, ары қарай дамыта түседі.

Анасы оның бойындағы Құдай берген қабілеттің шоғын сөндіріп алмауды тілейді. Дегенмен, жасын ескеріп, онлайн курстарға қатыстыруға әлі ерте деп есептейді.

ҮШ ТАҢБАЛЫ САНДАРДЫ КӨБЕЙТКЕНДЕ ДЕ МҮДІРМЕЙДІ

«Алтынтөбе» орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Әлия Миятбекованың 30 жылдық тәжірибесі бар. Оның айтуынша, Әли 5–6 сынып оқушылары шеше алмайтын күрделі есептерді оп-онай шығарады. Кейде сыныптастары таяқша арқылы санап жатқанда, өзі де солай есептегісі келетінін айтады. Алайда мұғалімі оның есепті ойша шығарып қойғанын байқайды.

Әли анасына жиі «сұрақ-жауап сайысын» ұйымдастырады. Анасы кейде әдейі қате сұрақ қойып, баласының қабілетін тексеріп көреді. Бірақ кішкентай математик тосын сұрақтарға тосылмай, мүдірмей жауап береді. Мектепте достары күрделі есептерді шығаруды сұраса, кейде «шығармаймын, мені мазаламандар» деп тұйықталып қалатын сәттері де бар.

Ал мектептің математика мұғалімі Бақдаулет Ердуәліұлы Әлиді алғаш көрген сәттен-ақ оның талабы таудай, ерекше екенін аңғарған.



– Көбейту кестесін, баған түріндегі бөлу амалдарын ойша кідірмей айтқанда-ақ, оның басқа балалардан оқ бойы озық тұрғанын байқадым. Үш таңбалы сандарды көбейткенде де мүдірмеді. Сандардың «сиқырлы әлеміне» еніп кеткені соншалық, менің келесі сабағым 215-тен кейін 217-ші кабинетте жалғасатынын жатқа айтып береді, – дейді ұстаз.

Әли өзінің математикалық қабілеті «Numberblocks» мультсериалынан басталғанын айтады. Алдымен сандардың ағылшынша айтылуын менгеріп, кейін көбейту кестесін жаттап алған. Бүгінде ол математикалық амалдарды ағылшын тілінде еркін

орындайды.

Ұстаздардың пікірінше, дарынды шәкіртке дұрыс бағыт-бағдар беру – басты міндет. Олар Әлидің тек шағын ауыл шеңберінде қалып қоймай, болашақта мегаполистердегі мүмкіндігі мол білім ордаларында қабілетін шыңдай түсуін қалайды. Баланың болашақта ғылым саласына үлес қосып, өзіндік қолтаңбасын қалдыратынына сенім білдіреді.

БАЛА АРМАН АЛДАМАЙДЫ

Әли өскенде қандай маман болатынын нақты айтпайды. Мұндай сауалға жауап беретін жаста да емес. Оған қазір тек қана сандар қызық. Бірақ биікте желбіреген Қазақстан туын көргенде: «Мен де Қазақстанның жалауын жоғарыда желбіреткім келеді», – дейді. Бұл сөз оның жүрегінде елге қызмет етсем деген бала арманының ұшқыны бар екенін аңғартады.

Шет тіліне қызығушылығы да ерекше. Анасы ағылшын тілі пәнінің мұғалімі болса, әкесі Сапар экономист. Математика пәнінің мұғалімі мамандығын да менгерген. Осы тұрғыдан алғанда Әлидің бойындағы математикалық және тілдік қабілеттердің тамырының отбасынан бастау алуы да заңдылық сияқты.

Әлидің бүгінгі жетістігі – оның болашағына берілген үлкен үміттің бастауы ғана. Ең бастысы, баланың бойындағы білімге деген шынайы қызығушылық пен елге қызмет етуге деген бала арманы сөнбесе екен.

Әлия ӘУЕСБЕКОВА

Бет қатталып жатқанда



ӘКІМ ЖАС ДАРЫНҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

Қазығұрт ауданының әкімі Азизхан Исмаилов болашағынан үлкен үміт күттіретін жас дарын – Әли Сапарұлын арнайы қабылдап, оған құрмет көрсетті.

Әли 2021 жылдың 1 қазанында Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Алтынтөбе елді мекенінде дүниеге келген. Алты балалы отбасының кенжесі болса да, зеректігімен және білімге деген ерекше құштарлығымен ерте жастан көпшіліктің назарын аударып отыр. Бір миллионға дейінгі сандарды еркін ажыратып, екі-үш таңбалы сандарға амалдар қолдануы, сандарды ағылшын тілінде айта алуы – үлкен еңбектің және дұрыс бағыт-бағдардың нәтижесі.

Қазіргі таңда Әли Алтынтөбе жалпы білім беретін мектебінде мектеп-

палды даярлық сыныбына қатысып, «Жасұлан» балабақшасында тәрбиеленуде.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, білімді ұрпақ – ел болашағының кепілі. Сондықтан дарынды балаларды қолдау мен дамыту – басты міндеттердің бірі екендігін жеткізіп, “Әли, алдыңнан тек ашық жол, биік белестер тілеймін. Білімге деген құштарлығың ешқашан сөнбесін. Ел мерейін үстем ететін азамат болып өс, болашағың жарқын болсын” - деді.

Әр баланың алғашқы ұстазы – ата-анасы. Әкесінің математика саласындағы білімі мен анасының ағылшын тілі пәні мұғалімі болуы Әлидің қабілетінің ерте ашылуына зор ықпал еткені анық. Осындай саналы әрі білімді ұрпақ тәрбиелеп отырған ата-анасына аудан жұртшылығы атынан алғыс білдірмесі.

Қазығұрт ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

ҚАЗАҚТЫҢ ӘР ТӨБЕСІ МӘРТЕБЕЛІ

2001 жылы сол кездегі Мемлекеттік хатшы абыз Әбіштің облыстармен танысып, Сайрам маңындағы Мәртөбеге барған сапары. Қасында – сол кездегі Оңтүстік Қазақстан облысының өкімі Бердібек Сапарбаев, "Егемен Қазақстан" РГ"АҚ Президенті Сауытбек Абдрахманов пен өңір журналистері бар.



Әбіштің ұлт тарихындағы саяси-әлеуметтік маңызы үлкен бұл мекен туралы айтқан алғашқы сөзі – нағыз тарихи баға. "Бұл жер – қазақ тарихының ең гауһар төбесі. Қазақ тарихында бұдан қасиетті жер болуы мүмкін емес", дейді жазушы.

Қазақ хандығының дұрыстап бірігуі осы жерде жүзеге асқан. Қазақтың алғашқы заңдық-құқықтық жоспарының бәрі осы төбеде жасалған.

"Ол кезде Қазақ хандығының құрамында қырғыз, қарақалпақ ағайындар бар. Бұл жерде құрылтай өткізген ең соңғы билікші – Тәуке хан. Ол үш тараптан келетін бүкіл хандардың басын біріктіріп, қазақтың үш жүзіне үш ұлыс қылып қоныс беріп, әр руға ентаңбаны қайтадан таңбалап, әрқайсының жүретін суын, баратын өрісін, көші-қонын – бәрін осы тұста белгілеген. Қазақтар жылына екі рет құрылтай өткізген – біреуін көктемде, біреуін күзде. Бас құрылтай осы Мәртөбеде өткен. Халықаралық жағдайды да осы жерде талқылаған. Шығыста ол кезде Жоңғар тарапынан үлкен қысымшылықтар болып тұрды. Соған байланысты жасалатын харекеттердің ұлы жобасы осы жерде келісілген. Сондықтан бұл – Мәртөбе. Бір жағынан қарасаң, мәртебе – қазақтың ең үлкен статусты биігі", деп бағалайды.

Жоңғарлардың уақытша Жетісу аумағын өзіне қаратуына байланысты ең соңғы қазақтың басына күн туған – осы Сайрамның алынуы болғанын да білеміз. Өйткені Сайрамның алынуында да жоңғарлар қазақтың көшпелі мал шаруашылығындағы жағдайын пайдаланған.

"Қазақтардың үлкен саяси бірлігіне нұқсан келтіру үшін осында тұратын байырғы сайрамдықтардың ақсүйек тұқымдарының әрқайсысынан 60 үйден аманат алған. Сайрам қаласындағы барлық кәсіпкерлерді, өнер адамдарын құл қылып айдап әкетіп, Шығыс Түркістанда өздерінің Сайрам деген қаласын салды. Міне, сөйтіп осы Сайрамның уақытша тапталып қалуына байланысты қазақ билікшілері құрылтайларын енді Мәртөбеде емес, Орта Шыршықтың бойындағы Күлтөбеде өткізген.

Қазір ол төбе жоқ – мақта салынды, кеңістіктердің астында қалып қойды. Сол кездерде мәслихат орындарының бір жерден бір жерге көшуінің барысында 1711 жылы Қарақұм съезі Қарақұмда өтті. Одан

кейінгі 1726 жылы ең соңғы үлкен құрылтай Ордабасыда өтті. Сонда бұл жерді шын мәніндегі қазақтың тарихи бірінші Парламентінің орны деп түсінуге болады", дейді Әбіш Кекілбайұлы.

Өңір тілшісінің "Әбіш аға, ісі қазақ үшін қасиетті жер саналатын Мәртөбені келер ұрпаққа мұра етіп қалдыру тұрғысындағы ойыңыз қандай?" деген сұрағына да салмақты жауап береді. Тіпті, бүгінгі күнде де өзекті мәселенің шешімін айтып тұрғандай.

"Мұра етіп қалдырудың ең үлкен жолы – тарихты жамамау керек. Тарихқа жөндеу жараспайды. Қазір біз сәл нәрсе болса, тарихты әсемдеуге кірісеміз. Ол бізді тарихтан аластатады. Меніңше, осы тарихи ландшафты сақтау керек, Мына қалған төбеге ештеңе қоспау керек. Осы қалпында сақтап, жан-жағына келетін жол салып, алысырақ өңгіме құратын жерлер салу керек. Жыл сайын осы жерде ұрпақтардың басқосуы ма, әлде зиялылардың басқосуы, ақсақалдардың тәрбие, заман барысы жөнінде ақылдасуына лайықты жиындар өткізіп тұру керек. Бұрынғы екі кезең сияқты екі кезеңде келіп, пәтуа, халықтың өзінің пәтуасы, үкімет араласар-араласпас, билік алысу, саясаттандандырылған мәслихат емес, қазақтың тәрбиесі, қазақ баласының келешегі, кәсіпке үйрену, мына заманда неден тартынуымыз керек, неден безінуіміз керек, неге үйренуіміз керек деген пәтуаны осындай жерде жүргізсе, дұрысырақ болар еді деп есептеймін", дейді абыз қаламгер.

Есбол АСЫЛБЕКҰЛЫ

Есбол АСЫЛБЕКҰЛЫ

ШЫНЫАЯҚТЫҢ ДА ӨЗ ТАРИХЫ БАР

Сіз ыстық шай ішіп отырып, шыныаяқтың немесе бокалдың тарихы туралы ойлап көрдіңіз бе? Бұл қарапайым әрі күнделікті зат сияқты көрінгенімен, әрбір шыныаяқтың артында бірнеше өркениеттің тарихы жасырылған.



Бүгінде біз қолданатын шыныаяқтың тамыры ежелгі Қытайға барып тіреледі. Сауда жолдары арқылы ол Соғды, одан әрі бағысқа жетіп, шеберлер оны өздерінің материалдарына, сәндік талғамдарына және діни дәстүрлеріне сай бейімдеген. Алғашқы шыныаяқтар жасалған күміс кейін керамикамен ауыстырылып, жануарлардың бейнелері нәзік жазулар мен ою-өрнектерге алмастырылған. Сондықтан қарапайым бір шыныаяқты қолға алу Орта Азияның ортағасырлық тарихына, сол дәуірдің эстетикалық дамуына тікелей енумен бірдей.

Ерте ортағасырлық ыдыстардың бірі – сақина тәрізді тұтқасы бар шыныаяқ, ол Ежелгі Қытайдан бастау алған. Бұл кейіннен жаңа діни және мәдени контексттердің ықпалымен айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Шыныаяқтың құрылымы сақталғанымен шеберлер күмісті сазға алмастырып, тірі жандардың бейнелерін қолданудан бас тартты және абстракттілі, эпиграфиялық ою-өрнектерді қолданысқа енгізді. Осылайша, шыныаяқ пішіні мен безендірілуінің эволюциясы зороастрий және дәстүрлі көркемдік көзқарастан исламдық эстетикаға өтті.

Ерте кезеңде шыныаяқтар, мысалы, Соғды үлгілері көбінесе күмістен жасалатын. (Соғды Ұлы Жібек жолы бойында орналасқандықтан Қытай, Үндістан және Парсы арасындағы мәдени алмасудың маңызды орталығы болды). Күміс ыдыстар нәзік бедермен және бай ою-өрнектерімен безендіріліп, тек суын ішуге ғана емес, иесінің мәртебесін көрсетуге де қызмет етті. Мұндай күміс ыдыстар көбінесе сәндік затқа айналып, символдық мәнге ие болды. Олардың декорында күштің, молшылық пен берекенің, жақсы өмірдің символдары жануарлар мен зороастрийлік құдайлардың бейнелері қолданылды. Бұл тек әсемдікті ғана емес, сонымен қатар діни мәнге де ие болып, қоғамның дүниетанымын да көрсете білді.

Мұндай заттар рәсімдерде, мерекелік дастархан басында қолданылып, иесінің әлеуметтік мәртебесімен бірге діни көзқарасын да аңғартқан. Бірақ, Ислам дінінің Орта Азия мен Парсыда таралуымен эстетикалық және идеологиялық бағыттар да өзгерді. Ерте ислам қоғамында күміс сән-салтанаттың символы ретінде қолданыстан шығып, шеберлер саз бен глазуранған керамикаға ауысты. Дегенмен, әсемдікке деген ұмтылыс өзгерген жоқ: шеберлер қытай фарфорының мөлдірлігі мен жеңілдігін ангоб техникасы мен көп сатылы күйдіру арқылы қайталауға тырысты.

Ислам дінінің келуімен сән-салтанатқа және тірі бейнелерді суреттеуге көзқарас өзгерді. Ислам шыныаяқтарының безендірілуіндегі басты элемент эпиграфикаға айналды. Куфикалық жазумен жазылған арабша жазулар ою-өрнектерге айналып, сөзді көркемдік мотивке өзгертті. Мұндай жазулар көбінесе ізгі тілектер, Құран аяттары немесе өнердің рухани мәнін айқындайтын афоризмдер болып табылды. Материалдың қарапайым болуына қарамастан, бұйым ең жоғары деңгейдегі колонер шеберлігін және терең символикалық мәнін көрсете білді.

Күнделікті тұрмыстағы заттардың тарихы кейде жылнамалар мен хроникалардан да көп мәлімет береді. Қарапайым шыныаяқ кейде бүкіл дәуірлердің мәдени байланысын көрсетуі мүмкін. Зороастрийлік мотивтермен безендірілген күміс ыдыстардан бастап, арабша эпиграфикамен керамикалық шыныаяқтарға дейінгі жол тек материалдардың өзгерісін емес, мәдениеттің және көзқарастың терең трансформациясын көрсетеді.

Д. ТАУАСАРОВА,
тарихшы

Айтары бар ақпарат

КИБЕРПОЛ ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТКЕН АРНАНЫ ЖОЙДЫ

Шымкент қаласында киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері интернет-алаяқтарды қазақстандық SIM-карталармен қамтамасыз етіп келген арнаның жолын кесті. Бұл туралы хабар Polisia.kz сайтында жарияланды.



Жүргізілген мұқият талдау және жедел іс-шаралар нәтижесінде алаяқтарды қазақстандық байланыс операторларының абоненттік нөмірлерімен қамтамасыз еткен тұлғалар анықталды.

Бұл нөмірлер азаматтарға, оның ішінде шетелде жасалатын алаяқтық қонырауларға пайдаланылған. Бірінші SIM-карталарды жаппай тіркеп, үшінші тұлғаларға WhatsApp мессенджеріндегі растау кодтарын беріп отырған ер адам ұсталды. Осылайша алаяқтар қазақстандық нөмірлерге тіркелген аккаунттарды өз бақылауына алып, қылмыстық схемаларда қолданған. Жедел іс-шаралар барысында киберполиция қызметкерлері екінші қатысушыны анықтады. Ол – телефондарға арналған аксессуарлар дүкенінің сатушысы болып шықты.

Ол клиенттердің жеке деректерін пайдаланып, олардың атына қосымша абоненттік нөмірлер рәсімдеп, өткізіп отырған. Аталған арна арқылы 3 мыңнан астам абоненттік нөмір пайдалануға қосылып, интернет-алаяқтық әрекеттерде қолданылғаны белгілі болды. Күдіктілер қамауға алынды. Сотқа дейінгі тергеу әрекеттері жүргізіліп жатыр.

Осы орайда полиция ескертеді: Мұндай заңсыз схемаларға қатысу, жәбірленушілермен тікелей байланыс болмаса да, қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғады. Мессенджерлердегі растау кодтарын бөгде адамдарға бермеңіздер және үшінші тұлғаларға өз атыңызға SIM-карта рәсімдеуге келіспеңіздер – бұл қылмыстық схема болуы мүмкін.

Айта кетелік, осы уақытта Түркістан облысында заңсыз снос өндіретін үш жасырын цех жойылды.

ТАРИХИ АЛТЫН: ОЛИМПИАДА ЧЕМПИОНЫ АТАНҒАН МИХАИЛ ШАЙДОРОВ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

(Соңы. Басы 1-бетте).

Басылым жазбасының астында америкалық желі қолданушылары қазақстандық спортшыға тәнті болған пікірлерін қалдырды:

– «Оның өнері керемет әсер қалдырды», «Бұл сөзсіз алтынға лайық сырғанау болды!», «Бүгінгі ең үздік жас спортшы Олимпиада чемпионы атанды», «Ол керемет болды!», «Әбден лайық жеңіс!», «Құттықтаймын, Михаил!», «Ол өз еңбегімен жеңді. Мінсіз орындау», – деп жазды олар.

Шайдоров 2004 жылы 25 маусымда Алматыда дүниеге келген. Әкесі Станислав Шайдоров 1990 жылдары Қазақстан чемпионы болған мәнерлеп сырғанаушы. Михаил алғаш рет төрт жасында мұзға шыққанымен, спорт бірден ұнай қоймаған. Біраз уақыт спорттық гимнастикамен айналысып, 11 жасында қайтадан мәнерлеп сырғанауды таңдады.

Ол Алматыдағы «Рамстор» сауда орталығындағы мұз айдынында жаттықты. Кейін Ресейдегі оқу-жаттығу жиынында Олимпиада чемпионы, бапкер Алексей Урмановтың назарына ілігіп, онымен жұмыс істей бастады.



2018 жылы спорттық жағынан осы үшін Михаил Сочиге ауысты. Ұлының мансабы үшін әкесі көлігін сатып, жаттығу шығындарын өтеген. Бұл тәуекел ақталды: 15 жасында Қазақстан чемпионатын жеңіп, төрттік тулупты меңгерді.

Пандемия мен жарақаттар оның дамуын баяулатты. Бір кезеңде ұлттық құрамадан шығарылып, ем-домды өз қаражатына жалғастыруға тура келді. Алайда 2022 жылғы жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында күміс жүлде алып, Қазақстан тари-

хындағы алғашқы медальді жеңіп алды.

2024-2025 маусымы Шайдоров үшін бетбұрыс кезең болды:

- Гран-при кезеңдерінде жүлделер;
- Төрт құрлық турниріндегі жеңіс (Сеулде);
- Әлем чемпионатында күміс (Бостонда), тек **Илья Малинин**ге жол берді.

Осы нәтижелер оған Олимпиада-2026 жолдамасын әперді.

Олимпиада маусымында Шайдоров Гран-при кезеңдерінде тұрақты өнер көрсетіп, финалға тікелей жолдама алды. Қысқа бағдарламасын «Дюна» фильмі тақырыбына қайта оралтып, өзін сенімді сезінетінін айтқан. Дәл осы маусым оның мансабындағы ең жарқын сәтпен – Олимпиада алтынымен аяқталды.

Михаил кино көргенді ұнатады. Сүйікті режиссерлері – Кристофер Нолан мен Квентин Тарантино. Еркін бағдарламаларының бірі «Кунг-фу панда» образымен есте қалды.

Сондай-ақ ол жарыс алдында қазақстандық рэпер Скриптониттің «Рамок нет» әнін тыңдап, күрделі элементке психологиялық дайындалғанын айтқан.



МИХИЛДІҢ ЖАНЫНДА ЖҮРГЕН ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІ

Тікелей көрсетілімде Шайдоровтың қасында Урмановтан бөлек, екі әйел адам жүрді. Оның бірі – мәнерлеп сырғанаудан ұлттық құраманың бас бапкері Әсем Қасанова да, екіншісі – Мишаның жеке массаж жасаушысы Жанарай Таужанова". Бұл жөнінде спорт журналисі Ақырыс Сейтқазы әлеуметтік желідегі жеке парақшасында жазды.

Жанарай ТАУЖАНОВА:

"Мен спорттық, емдік массаж маманымын. Ұзақ жылдан бері осы саладамын. Осы олимпиадалық цикл орталаған тұста мені Шайдоровтың жеке массаж жасаушысы етіп тағайындап, қалған жүктемелердің бәрін алып тастады. Өйткені спортшы үшін емдік массаждың рөлі өте жоғары. Ал мәнерлеп сырғанауда жарақат қауіпі жоғары болғандықтан, спортшыны дер кезінде бақылау маңызды. Соңғы бір жылда Мишамен бүкіл жарыста, бүкіл жаттығу жиынында бірге болдым. Шынымды айтайын, ол өз ұлымдай болып кетті", – дейді ол.

Журналист Жанарай Таужановадан Михаилдың қолдаусыз қалған кездері туралы да сұрап көрген.

"Қазір осы мәселе қатты талқыланып жатыр ғой. Пандемиядан соң болған жағдайларға қатысты ештеңе айта алмаймын. Әрбір спортшы жеңіске осындай қиындықпен жетеді ғой. Өзім спортта қанша жыл жүрсем де, оңай жолмен чемпион болғандарды көрмеймін. Спортшының жеңісі осындай сәттермен де ыстық қой?! Қиындықсыз жеңіс жоқ. Ал өзім қасында жүргенде басылардың, мемлекеттің қолдауын сөзсіз сезіндім. Министрдің өзі төрт-бес рет келіп, жағдайын сұрап, керек-жарағын беріп кетті. Жаттығуға, бапкерлеріне, киіміне мемлекеттен ақша бөлінді.

Осы Милан Олимпиадасында медальдан үмітті болған соң Мишаға бар жағдай жасалды деп айта аламын. Қуанышқа орай, Михаил да үмітті ақтап, алтын алды. Өзі сондай ақкөңіл жігіт. Елдің үміт артып отырғанын сезінді, жауапкершіліктен қашқан жоқ. Ең бастысы – жанып кеткен жоқ. Еркін бағдарлама аяқталған соң, бәріміздің иығымыздан ауыр жүк түсіп, жеңіл тыныстай бастадық", – дейді Жанарай Таужанова.

МИХАИЛДІҢ ЖҮРЕГІН ЖАУЛАҒАН АРУ КІМ?

Мәнерлеп сырғанаудан Олимпиада чемпионы Михаил Шайдоровтың жеке өміріне қызығушылық артты, әсіресе оның сүйіктісі қазір ел назарында, деп хабарлайды Todayinfo.

Tabu.ru жазғандай, Михаилдың жүрегін жаулаған ару Айсұлу Мырзағалиева да спорт саласын таңдаған. Ол көркем гимнастикадан Азия чемпионы және Қазақстан құрамасының танымал спортшысы.



Ресейдің Сочи қаласында дүниеге келген Айсұлу тоғыз жасынан бастап гимнастикамен шұғылданып, жасөспірім кезінде ресейлік турнирлерде жүлделер жеңіп алған.

2015 жылы Айсұлу Алматыға келіп, қала біріншілігінде жеңіске жетті. Сол жарыста оның шеберлігін қазақстандық бапкерлер байқап, Қазақстан атынан өнер көрсетуге шақырды. Сол шешіммен ол Астанаға қоныс аударып, «Жұлдыз» спорт мектебінде жаттыға бастады. Кейін Әлем кубогының бір күміс, төрт қола медаль, сондай-ақ Азия чемпионатында алтын медальді иеленді.

Олимпиададағы тарихи жеңістен кейін Айсұлу Мырзағалиева Михаилды алғашқылардың бірі болып құттықтады.

Азамат БЕЙБІТҰЛЫ, тілші: РЕКОРДТАР БҰЗЫЛЫП ЖАТЫР

Италияда өтіп жатқан қысқы Олимпиада ойындарында рекордтар бұзылып, өте қызықты әрі тартысты оқиғалар болып жатыр. Бұл Олимпиадада норвегиялықтардың бағы жанып тұр. Мысалы, шаңғышы Йоханнес Клебо Олимпиадада ең көп жүлде алған спортшы атанды. Ол әлемдегі тұңғыш 9 дүркін Олимпиада чемпионы болды. Ал Бразилия тарихында алғаш рет Олимпиададан алтын алды. Спортшысы тау шаңғы жарысынан үздік болды. Италиялық Франческа Лоллобриджида туған күнінде бірінші орын алып, өз елінің алғашқы алтын медальін және Олимпиада рекордын сыйлады. Тағы бір италиялық шаңғышы Федерика Бриньоне ауыр жарақаттан кейін үлкен спортқа оралып, екінші алтын медальін жеңіп алды. Бұл ойындардың ең эмоционалды, ең әсерлі камбэктерінің бірі болды. Небәрі 17 жастағы корейлік Чхве Гаон сноубордта фаворитті жеңіп, сенсациялық алтын алды. Ал АҚШ-тың 17 жастағы сноубордшысы сынған қолмен өнер көрсетіп, аз ғана ұпаймен жүлдеден тыс қалды. Мұндай жанкештілік көрерменге өте қатты әсер еткен оқиға болды. Жалпы, Олимпиадада спорт түрі көп. Солардың ішінде

аудиториясы үлкен спорт – мәнерлеп сырғанау. 2 дүркін Әлем чемпионы, Милан Олимпиадасының командалық жарыстағы чемпионы Илья Малинин Ақ ойындардың жекелей сынында 8-орын алды. Әу баста оны сарапшылар абсолютті чемпион, 7 рет төрттік секірісті жасайды деген еді. Бірақ біздің спортшымыз Михаил Шайдоров сенсация жасады. Араға 32 жыл салып қазақтң Әнұраны Олимпиадада шырқалды. Кей сарапшылардың айтуынша, Малининнің сүруіне Михаилдің тактикасы, тәуекел жасаған шешімі әсер еткен. Бұған дейін Малинин Мишаның 5 рет төрттік орындағанын көрмеген. Еркін жаттығуда, яғни жарысқа бір күн қалғанда соны көріп, секемеденіп қалған көрінеді. Спортшымыз еркін айналымда еркін көсіліп, таза сырғанағанын аңғарған соң Малинин психологиялық жағынан тағы да соққы алды. Бұл – жарыс жазып жатқан сарапшылардың пікірі. Мұз бар жерде, сырғы бар жерде сүріну де қасқағым. Ең бастысы біздің спортшымыздың талай жылдық еңбегі ақталып, елдің еңсесін тіктеп, тарихи медальді алды. Тағы да қанжығамыз майланар деген үміт бар. Олимпиададағы жорығымыз әлі жалғасады!

АНАСЫ МЕН БАЛАСЫ ЖАРЫС ЖОЛЫНА ҚАТАР ШЫҚТЫ



Қысқы Олимпиада ойындарының тарихында алғаш рет анасы мен ұлы қатар жарыс жолына шықты.

Олар мексикалық тау шаңғышылары Сара Шлепер мен Лассе Хахиола.

Сара Шлепер 46 жастағы тәжірибелі спортшы. Ол жарысты 26-орында аяқтады. Ал оның 18 жастағы ұлы Лассе Хахиола да жарыс жолына шыққанымен, мәреге жете алмай бәсекені аяқтады.

Бұған дейін Сара Шлепер АҚШ құрамасының намысын қорғаған еді. 2011 жылы мансабын аяқтап, 2015 жылы үлкен спортқа қайта оралды. Содан бері Мексика құрамасы сапында өнер көрсетіп келеді.

Сондай-ақ Сара Шлепер Қысқы Олимпиада тарихындағы ең жасы үлкен тау шаңғышыларының бірі ретінде тарихқа енді.



ОРАЗАНЫ ҚАЛАЙ ЖЕҢІЛ ӨТКІЗУГЕ БОЛАДЫ?

Ораза ұстауға болмайды:

- бірінші типті қант диабеті;
- ауыр гипертония;
- жақында инфаркт алса;
- жүрекке ота жасалса;
- жүрек жеткіліксіздігі мен ауыр ырғақ бұзылыстары;
- бауыр циррозы;
- бүйрек жеткіліксіздігі;
- онкологиялық аурулар;
- тиреотоксикоз.

– Бірінші типті диабетте инсулин қабылдауды тоқтатуға болмайды, сондықтан мұндай науқасқа ораза ұстау қауіпті. Жүрек пен бүйрек жеткіліксіздігі, ауыр қысым немесе онкологиялық аурулар кезінде де ағзаға қосымша стресс түседі. Мұндай жағдайда діни тұрғыдан да адамға жеңілдік беріледі, – дейді диетолог.

Егер науқастың ауруы дәрігердің бақылауында болса, кей жағдайда оразаны ұстауға болады. Ал асқын кезінде бас тартқан дұрыс. Шешім әрқашан науқастың жағдайына қарай жеке қабылданады.

Салтанат Болатбекқызы жүкті және бала емізетін әйелдерге, сондай-ақ өсіп-жетілу кезеңіндегі жасөспірімдерге оразаны кейінге қалдыруды ұсынады.

– Жүктілік пен бала емізу кезінде ананың да, баланың да қоректік заттарға қажеттілігі жоғары болады. Ал жасөспірімдердің ағзасы әлі қалыптасу үстінде, сондықтан ораза олардың дамуына әсер етуі мүмкін. Қарт адамдарға да тек аурулары асқынбаған жағдайда ғана рұқсат етіледі, – деді ол.

РАМАЗАН АЙЫНДА АҒЗАДА ҚАНДАЙ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР БОЛАДЫ?

Рамазан кезінде адамның тек күн тәртібі емес, бүкіл зат алмасу жүйесі өзгереді. Күндізгі ашығу ағзаны үйреншікті энергия алу тәсілінен, яғни тағамнан қуат алудан ішкі қорды пайдалануға көшіреді. Организм алдымен жиналған май қорын жұмсай бастайды. Осы уақытта жасушаларда ұзақ уақыт бойы жиналған артық өнімдер ыдырап, ағза өзін-өзі тазалау кезеңіне өтеді. Нутрициологияда бұл құбылыс «аутофагия» деп аталады және ол тек аш жүрумен емес, дұрыс ұйымдас-тырылған тамақтану тәртібімен байланысты іске асады.

– Оразада организм энергияны тағамнан емес, жиналған майдан алады, сол кезде жасушаларда тазалану жүреді. Бірақ адам кешке шамадан тыс тамақтанса, бұл процесс тоқтайды да ол жай ғана ашығады. Яғни оразаның пайдасы аштықтың өзінде емес, тәртіп сақтауда. Әлсіздік те көбіне аштықтан емес, режимнің бұзылуынан пайда болады, – дейді диетолог Салтанат Болатбекқызы.

Маманның айтуынша, алғашқы үш-төрт күнде бас ауруы мен әлсіздік байка-

луы қалыпты, өйткені қандағы қант деңгейі төмендеп, ағза жаңа режимге бейімделеді. Алайда бір аптадан кейін адам өзін сергек сезінуі тиіс. Егер әлсіздік сақталса, ол көбіне сәресінде дұрыс тамақтанбаумен, судың жеткіліксіздігі және кешке артық ас ішумен байланысты болады.

Май ыдыраған кезде токсиндер қанға өтеді, оларды сыртқа шығару үшін жеткілікті мөлшерде су қажет. Сондықтан су режимі сақталмаса, адам ұзақ уақыт бойы бас ауруын, ұйқышылдық пен шаршауды сезінуі мүмкін.

СӘРЕСІ МЕН АУЫЗАШАРДА НЕНІ ЕСКЕРУ КЕРЕК?

Оразаның жеңіл не ауыр өтуі көбіне күнді қалай бастағанға байланысты. Көпшілік «тәбетім жоқ» деп сәресіден бас тартып, негізгі тамақты кешке ауызашарда ішемі деп ойлайды. Алайда мұндай әдет ағзаның тәуліктік жұмысын бұзады: түнде ас қорыту тоқтамай, таңертең тәбет жоғалады, ал күндіз организм ұзақ уақыт бойы қорексіз қалады. Соның салдарынан әлсіздік, бас айналу және ашушаңдық жиі байқалады.

– Сәресіні өткізіп жіберу ең жиі кездесетін қателіктің бірі. Таңертең ас мәзірінде міндетті түрде май, ақуыз және көмірсулар болуы керек, сонда адам күні бойы әлсіреп қалмайды. Ал тек су, шай ішіп шығу немесе мүлдем тамақтанбау асқазанға да, жалпы жағдайға да кері әсер етеді, – дейді Салтанат Болатбекқызы.

Таңғы асқа:

- табиғи сары май;
- ет;
- жұмыртқа;
- бұршақ дақылдары;
- жармалар қосылған тағамдар жеу керек.

Май өттің жүруіне көмектеседі, бұл ас қорыту жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне қажет. Ақуыз ұзақ уақыт тоқтық сезімін береді, ал күрделі көмірсулар энергияны біртіндеп бөліп, күн бойы шаршамауға ықпал етеді.

Ал ауызашарда керісінше асығыстық жиі байқалады. Күндіз сусыз қалған асқазан бірден ауыр тағам қабылдауға дайын болмайды. Сондықтан ауызашарды алдымен сумен бастаған дұрыс.

– Құрғақ ашығудан кейін организмге бірінші кезекте су қажет. Су асқазанды жұмысқа дайындайды, ферменттердің бөлінуін іске қосады. Егер бірден майлы тағам жесе, ол толық қорытылмайды да қыжыл мен ауырлық сезімі пайда болады. Ауызашарды асықпай су ішуден бастау керек, – дейді маман.

Кешкісін шамадан тыс тамақтану да ағзаға кері әсер етеді. Ұйқы кезінде организм қалпына келудің орнына ас қорытуға жұмыс істейді. Нәтижесінде адам таңертең шаршаңқы оянып, тәбеті болмайды, күні бойы әлсіздік сезінеді. Сон-

дықтан оразаның пайдасын көру үшін тек аш жүру жеткіліксіз, тамақтану уақыты мен мөлшерін дұрыс сақтау маңызды.

Диетолог алғаш рет ораза ұстайтын-дарға алдын ала дайындалудың маңызын да атап өтті. Бірнеше күн бұрын тәтті мен кофеинді азайтып, су ішуді көбейтіп, тамақ мөлшерін біртіндеп қысқарту ағзаны жаңа режимге бейімдейді.

– Оразаға бірден емес, біртіндеп келген адам оны жеңіл өткізеді. Режим алдын ала қалыптасса, әлсіздік те аз болады, – дейді Салтанат Болатбекқызы.

ҚАНДАЙ ТАҒАМ ПАЙДАЛЫ, ҚАЙСЫСЫНАН ШЕКТЕЛГЕН ДҰРЫС?

Ораза кезінде тоқтық сезімі тағамның көлеміне емес, оның құрамына байла-

нысты. Көп адам қарын тойса болды деп ойлайды, алайда ағзаға ұзақ уақыт энергия беретін – ақуыз бен баяу қорытылатын көмірсулар. Ал тәттілер, ақ ұннан жасалған тағамдар мен қант қосылған өнімдер керісінше қандағы қант деңгейін тез көтеріп, артынан күрт түсіреді. Соның салдарынан адам аз уақыттан кейін қайта ашығып, әлсірей бастайды.

– Тәтті мен ақ ұн тез тойдырғандай әсер береді, бірақ біраз уақыттан кейін қайтадан қарын аштыра бастайды. Ал ет, жұмыртқа, бұршақ пен жармалар энергияны бірқалыпты береді. Ас мәзірінде міндетті түрде ақуыз, көмірсу және көкөніс қатар болуы керек, сонда адам күні бойы сергек жүреді, – дейді нутрициолог.

Салтанат Болатбекқызының айтуынша, ашытылған өнімдер – айран, қымыз және табиғи ферменттері бар тағамдар ас қорытуға көмектесіп, ауырлықтың алдын алады. Ал ащы, майлы, қуырғалған тағамдар асқазанға артық жүктеме түсіріп, қыжыл мен гастриттің асқынудына себеп болуы мүмкін.

Рамазан айында жиі кездесетін тағы бір әдет – күндіз ашығып, кешке соның орнын толтыруға тырысу. Мұндай жағдайда адам шамадан тыс тамақтанып қояды. Қорытылмаған тағам ішекте ұзақ тұрып қалып, іш кебу, ауырлық, жағымсыз иіс пен салмақ қосуға әкеледі.

– Күні бойы ашықтық деп кешке бәрін жеуге болмайды. Оразаның мақсаты ағзаны жеңілдету, ал артық тамақ керісінше шаршатады. Тәртіп сақталмаса, оразадан кейін асқазан шағымдары жиілейді, – дейді Салтанат Болатбекқызы.

ОРАЗА КЕЗІНДЕ СПОРТПЕН АЙНАЛЫСУҒА, ТЕМЕКІ ШЕГУГЕ БОЛА МА?

Салтанат Болатбекқызының сөзінше, Рамазан айында ағза табиғи түрде тазару процесіне өтеді, ал оған кедергі келтіретін әдеттер кері әсерін тигізуі мүмкін.

– Ораза кезінде организм токсиндерден арылуға тырысады. Темекі керісінше қосымша уытты заттар енгізіп, бауырға жүктеме түсіреді. Сондықтан бұл айда темекіден бас тартқан дұрыс, – дейді диетолог.

Ал физикалық белсенділікке толық тыйым салынбайды, тек уақытын дұрыс таңдаған жөн. Күндіз ұзақ уақыт сусыз жүрген адамға ауыр жаттығу қауіпті болуы мүмкін, сондықтан ең қолайлы мезгіл – ауызашарға жақын уақыт. Жаттығудан кейін бірден су ішу арқылы ағза жоғалтқан сұйықтықтың орнын толтыра алады.

– Спортпен ауызашар алдында айналысқан тиімді. Жаттығудан кейін бірден су ішіп, күшті қалпына келтіруге мүмкіндік болады. Ал күндізгі ауыр жүктеме әлсіздік пен сусыздануға әкелуі мүмкін, – дейді маман.

Исламтанушы, Қайрат БАЙБОСЫНҰЛЫ:

«АУЫЗАШАРДА ОТЫРМЫН»

деп сурет салуға болмайды



ЦИФРЛЫ ОРАЗА

Шариғи оразада бәрі ас-ауқаттан тыйылады. Мұндай шектеулердің қатарына цифрлы оразаны да қосты.

“Сондай-ақ біз әлеуметтік желілерді, заманауи құрылғыларды қолданудан тыйыламыз. Мұны қазір «цифрлы ораза» деп атап жүр. Бұл адамға физиологиялық, рухани тыныштық сыйлайды. Телефондағы қиял әлемнен шығып, шынайы өмірде тұрақты, классикалық қағидалармен өмір сүрсе, адамның өмірі де, өзі де, ойы да дұрысталады. Оның үстіне шариғат бойынша, Рамазан айында жасалған құшылықтарды насихаттау, көрсетіп ораза ұстау, “ауызашарда отырмын” деп сурет, видеолар салу рия (жария түрде жасау) болып саналады. Оның сауабы азайып, кейін тіпті жойылып кетеді. Сондықтан шариғи оразадан бөлек, цифрлық ораза да ұстау керек”, – деді ол.

Ораза тұтқанда Пайғамбар көрсетіп кеткен күн тәртібімен жүрсе, пайдасы мол дейді исламтанушы. Ол үшін ең алдымен ұйқы уақытын реттеуге кеңес берді.

ДЕНСАУЛЫҒЫ НАШАР АДАМ ОРАЗАНЫ ҚАЛАЙ ӨТЕЙДІ?

Исламтанушы денсаулығы әлсіз, ораза ұстауға мүмкіндігі жоқ адамдар алдымен медицина мамандарының кеңесін алсын деп кеңес берді. Бұл жағдайда азаматтың ораза тұтуын немесе тұтпауын медициналық қызметкерлер шешеді деді.

“Денсаулығы әлсіз адамдарға қатысты қандай шешім қабылдаса да, сол шариғи негіз алады. Егер ораза ұстауға болмайды десе, олар ораза ұстамайды. Мұндай жағдай шариғатта өтем, яғни қарастырылған. Әлсіз, қарт адамдардың сырқаттары созылмалы болып кету қаупі болғандықтан өтем жасайды. Бір күн оразаға тойып тамақ жейтіндей бір міскін мұқтаждың қажеттілігін өтейді. Ол қазір ақшамен есептеледі. Оның бәрі белгілі. Бір күнге бір фи-дия беріледі. Осылайша олар ораза ұстағандай болады, сауабын да алады. Ал екінші санаттағы адамдар бар, олар: емізулі әйелдер және қазір науқас, бірақ ертең емделіп, жазылып кеткен соң ораза ұстайтындар. Олар оразаны қаза қылады. Шариғатта оларға ауыз бекітпеуге рұқсат еткен. Бірақ бала сүттен шыққан соң, науқас жазылған соң 30 күн қаза оразаны өтейді”, – дейді ол.

Айта кетейік, биылғы фидия мөлшері (бір адамның күнделікті (таңғы және кешкі) тойып ішетін асы) **4000 теңге** болып бекітілді.

2026 жылғы Рамазан айындағы бір адам үшін берілетін пітір садақа мөлшері 2 келі ұнның нарықтық орташа бағасымен есептеліп, 735 теңге етіп белгіленді.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының мәліметінше, бай, ауқатты адамдар пітір садақаны 2 келі мейізбен (6400 теңге) немесе 4 келі құрмамен (12400 теңге) бергені жақсырақ.

Шариғатта қыздар үшін балиғат жасы – 13-15 жастан басталса, ер балалар үшін кемінде 15, көп дегенде 17-18 жас деп саналады. Балалардың балиғат жасқа толғанын физиологиялық белгілеріне қарап анықтайды. Сол себепті олар дәрігерлерден, ата-анасынан немесе мешіттегі имамдардан сұрап, ораза ұстауға бола ма, жоқ па соны анықтап алғаны абзал деп жөн сілтеді исламтанушы.

ЖЫЛҚЫҒА ЖАҢА КӨЗҚАРАС

Жаяу еді, дамуы да баяу еді

2026 жыл – жылқы жылы, бұл қазақ мәдениеті мен дәстүрінде ерекше мәні бар уақыт. Жылқы қазақ халқы үшін тек мал емес, ол – ерлік пен батылдықтың, адалдық пен еңбекқорлықтың символы. Ұлы Дала халықтары ғасырлар бойы жылқыны өмірінің барлық саласында – шаруашылықта, көлікте, мереке мен салт-дәстүрде пайдаланған. Биылғы жыл қазақ үшін жылқының маңызын еске түсіру, оның мәдени, тарихи және экономикалық рөлін бағалау үшін тамаша мүмкіндік. Осы жылы біз атқа мінудің тарихын, қазақтың жылқыға деген махаббатын және оның ұлттық мәдениеттегі орнына жаңа көзқараспен қарауға шақырамыз.

Адамзат әуелде жаяу еді. Жаяу болған соң, дамуы да баяу еді. Қаншалықты баяу дамығанына бір дәлел: адам атты қолға үйреткенге дейін 2 миллион 600 мың жыл бойы тас ғасырда өмір сүрді. Сол миллиондаған жылда аса бір үлкен өзгеріс бола қойған жоқ. Адамзат атқа қалай мінді, адам солай тас ғасырды тастап шықты.



Атқа мінгеннен бастап адамзаттың өмірі тарих деп атала бастады

Иә, ат тарихты жасауды бастады. Адамзатты дамуың даңғылына алып шыққан ат ең алғаш Қазақ жерінде, Ботай коньсында қолға үйретіліп еді. Осыдан 5,5 мың жыл бұрын дәл осы мекенде тарпаңға ауыздық салынды. Ол кезде Еуропада да, Азияда да жабайы ат үйір-үйірімен жайылып жүретін. Бірақ, көшпенділерден өзге бірде-бір халық жылқыны мініске үйреткен алған жоқ еді. Ол кездегі атты үйрету – бүгінгі ғарышты меңгергеніміз, компьютер арқылы ғаламды басқарғанымыз сияқты инновация болатын. Көшпенділер үйретілген атты көрші мемлекеттерге сатып, көп пайда тауып отырған. Рас, ат қазақтан басқа халықта жай ғана ат. Ал бізде ол әрі зат есім, әрі етістік. Себебі, қазақ аттың үстінде жүріп, атын танытқан.

Қалай атқа міндік, солай әлем аренасына «көшпенділер» деген Атпен атып шықтық

Ат үстінде жүріп жау аттық. Қазақ халқы үшін төрт түліктің осалы жоқ. Мереке-қуанышта, қайғы-қасіретте,

басқа түскен не ауыр күндерде бұл түлік адамның жан серігі, айырмалас досы болған. Ат ән мен күйге арқау болды. «Маңмаңкер», «Ақ бақай», «Сал торы», «Қара жорға» сынды әндер, «Құлжагер», «Тел қоңыр», «Қос күрен», «Көк дөнен» сияқты күйлер өмірге келді. Жылқы қазақтың ұлттық сана-сезім, рухани болмыс, тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, мәдениет пен өнерінің тұтас бір айырмалас бөлігі. Жарынан кейінгі жақсы көретін жан серігі, қасиеті қанына сіңген жануар. Қазақ баласы жылқы түлігін төресіндей көретіні сондай қазақ жылқы мінезді деп, өзінің мінез-құлқы, бітім-болмыс, жан дүниесінің айқындаушысына айналдырып алған. Демек, қазақ үшін жылқы тектіліктің бірден бір нышаны болып саналады. Бұлай өзінің жаратылысына жылқыдан ұқсастық іздеу тек қазаққа ғана тән қасиет. Қазақтың ең кедейінің астында кем дегенде бір «көк шолағы» болған. Адамның көңілінің кендігін, пейілінің дарқандығын, қайсар қажырын «ер жігіттің ішіне ер тоқымды ат сияр» десе, сабырлы да салмақты, бір ауылдың ұйтқысы болып отырған жаны жайлау бәйбішені «бес биенің сабасындай» деп құтқа балаған. Туған баласын түліктің төліне теңеу де қазаққа тән қасиет. Жылқының тас қараңғы түнде жарты тарыны көретін жанарының өткірлігі сынды жаратылыс ерекшеліктерінің өзі бір төбе.

Сойсаң ет, ішсең сусын, мінсең көлік

Жылқы десек, әрине, ең алдымен қазы мен қымыз көз алдымызға келетін болса керек. Өйткені қазы мен қымыздың дәмділігі тіл үйреді. Оны қазақтар түгілі, шетелдіктер де жақсы біледі. Жақсы ат иесі жығылса қасында тұрады. Жақсы айғыр үйреніп, ит-құстан қорғап, тіпті бөлек ниетті ат үстіндегі адамдарды алдыңғы екі аяғымен тартып атып шығады. Қазақ халқы жылқының осындай қасиеттерін және басқа да жасырын ерекшеліктерін жетік меңгергендіктен жылқыны өте ерте замандардан-ақ қолға үйретіп бағып-баптап, оларды өз қажеттіктеріне толық пайдалана білген. Қазақтар бәйгеге қосатын жүйрік жылқыларды тұлпар, сәйгүлік, арғымақ деп ерекше қастерлейді. Соған сәйкес оларды ерекше күтімге алады. Өйткені, дәстүрлі қазақ қоғамында сәйгүліктер тек қана иесінің емес, бүкіл әулетінің, елінің мәртебесін асқақтатын түлік төресі. Қазақ атақты тұлпарлар, сәйгүліктер аз болған жоқ, қазір де бар. Олардың қатарына Қобыландының Тайбурылын, Алпамыстың Байшұбарын, Қамбардың Қарақасқа аты мен Ер Тарғынның Тарланын, Қабанбайдың Кубасы мен Ақансерінің Құлагерін жатқызуға болады.

Бір қызығы қазіргі ғылыми техниканың қарыштап дамуы, жылқы өнімдеріне сұранысты күн сайын арттырып отыр. Ол экономикалық құнды дүниеге айналды. Дүние жүзінің назары оның адамзат үшін әсіресе денсаулық тұрғысындағы пайдасына аға бастағанда одан алынатын өнімдердің патенттеп алатындар шықты. Қазақ халқы өзінің терең тарихында жылқы өсірудің ғылыми амалдарын алғаш болып ашқанына қарамастан, сол жаңалық тарих қатпарында көмескі қалып, өзімізге жат болып барады. НЕГЕ?

Р.ТӘТІБАЕВА,
«Ұлы Дала Елі» орталығы қызметкері.
Түркістан қаласы

XIX ғасырдағы Шымкент қаласы – Оңтүстік Қазақстан аймағындағы этникалық, мәдени және әлеуметтік үдерістер тоғысқан ірі орталықтардың бірі болды. Бұл кезеңде қала тек әскери-стратегиялық маңызға ие бекініс қана емес, сонымен қатар сауда, қолөнер, тұрмыс-салт дәстүрлері айқын көрінетін этнографиялық кеңістік ретінде қалыптасты.

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

XIX ғасырда Шымкент халқы этникалық жағынан алуан түрлі болды. Қала тұрғындарының негізгі бөлігін қазақтар құраса, олармен қатар өзбектер, татарлар, қырғыздар, тәжіктер және кейінірек орыс қоныстанушылары өмір сүрді. Мұндай этникалық көптүрлілік қаланың тұрмыс-тіршілігіне, киім кию үлгілеріне, тілдік ортаға және әдет-ғұрыптарға тікелей әсер етті. Шымкент тұрғындарының негізгі кәсібі – егіншілік, мал шаруашылығы және сауда болды. Қала айналасында суармалы егіншілік дамып, бидай, тары, арпа өсірілді. Ұлы Жібек жолының тармақтарында орналасқандықтан, саудасаттық ерекше дамыды. Қалалық базарлар тек экономикалық емес, әлеуметтік және мәдени қарым-қатынастардың орталығы қызметін атқарды. Мұнда түрлі халықтардың тұрмыс салты, мінез-құлқы мен дәстүрлері тоғысты.

Енді, жергілікті халықтың киім үлгілері мен материалдық мәдениетіне аз-кем назар аударайық. XIX ғасырда Шымкент тұрғындарының киім кию мәдениеті этникалық ерекшеліктерді айқын көрсетті. Қазақтар шапан, тақия, сәукеле, мәсі мен кебіс киген, өзбек халқының кең пішінді халаттары мен белбеулері кең таралды. Киімдер көбіне табиғи матадан – жүн, мақта, жібек пен былғарыдан тігілді.

Қолөнер саласы да жоғары деңгейде дамыды. Ұсталық, зергерлік, тері өңдеу, қыш жасау сияқты кәсіптер күнделікті тұрмыста кең қолданылды. Әсіресе, зергерлік бұйымдар тек әсемдік үшін емес, әлеуметтік мәртебені білдіретін этнографиялық нышан ретінде танылды.

Әлбетте, мұндай ерекшеліктер тұрғындардың рухани өмірі мен салт-дәстүріне де әсер етпей қоймады. Шымкенттің XIX ғасырдағы рухани өмірінде ислам діні маңыз-



ды орын алды. Мешіттер мен медреселер білім мен тәрбиенің орталығы болды. Діни мерекелер, салт-жоралғылар халықтың күнделікті өмірімен тығыз байланыста өтті.

Сонымен қатар, қазақтың дәстүрлі әдет-ғұрыптары – бесікке салу, тұсаукесер, қыз ұзату, ас беру сияқты рәсімдер кеңінен сақталды. Бұл салттар қала тұрғындарының этникалық жадын сақтауға және ұрпақ сабақтастығын жалғастыруға ықпал етті.

Қорытындылай келсек, XIX ғасырдағы Шымкент қаласының этнографиялық ерекшеліктері – оның көпэтностты құрылымында, тұрмыс-тіршілік үлгілерінде, материалдық және рухани мәдениетінде айқын көрініс тапты. Бұл кезеңде Шымкент дәстүр мен жаңашылдық, көшпелі және отырықшы мәдениеттердің үйлескен ерекше тарихи-этнографиялық кеңістігі болды. Қаланың өткен замандағы осы бай мұрасы бүгінгі кездегі де Шымкенттің мәдени болмысының негізін құрап отыр десек болады.

Динара ҚОСМҰРАТ,
Шымкент қалалық музейлер бірлестігінің кіші ғылыми қызметкері

Мен оқыған кітап

ОҚЫҒАН КІТАП – ОЯНҒАН ОЙ

Түркістан облыстық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасының ұйымдастыруымен жүзеге асып жатқан «Кітапханашы оқиды» жобасы – жай ғана оқу марафоны емес, бұл – рухани серпіліс, кәсіби өсу, ой жаңғырту алаңы. Облыстың аудан, ауыл кітапханашыларын біріктірген бұл бастама әрқайсымызды оқырманнан зерттеушіге, насихаттаушыдан сарапшыға айналдырып отыр. Жобаның жетекшісі – жас болса да жаңашыл, ойы озық, ұйымдастыру қабілетімен көпке үлгі бола білген Жанар Қонай. Оның дайындаған тапсырмалары – қалыпты форматтан бөлек, шығарманы тек оқып шығумен шектелмей, терең талдап, кейіпкерге хат жазып, үзінді таңдап, оқырманға ұсыну жолдарын қарастыруға бағытталған. Бұл – кітапханашының кәсіби көкжиегін кеңейтетін мазмұнды жұмыс.

Биыл кітап оқитын кітапханашылар жобасы аясында төрт туынды оқылып, талдануда.

«Шұғаның белгісі» Бейімбет Майлин

Қазақ прозасының жауһары. Шұғаның мөлдір сезімі, Әбдірахманның адалдығы – махаббаттың ғана емес, дәуір шындығының көрінісі. Бұл шығарма арқылы біз оқырманды өткен ғасырдың рухани әлеміне жетелейміз. Кейіпкерге хат жазу барысында әркім жүрек түкіріндегі сағыныш пен өкінішті қайта сезінді. «Шұғаның белгісі» – сезім тазалығын іздеген жастарға, классиканы қадірлейтін оқырманға ұсынылады.

«Өзбекәлі және мәдени майдан» Санжар Керімбай

Ұлт руханияты үшін күрескен тұлғаның тағдыры – бүгінгі



буынға үлгі. Өзбекәлі Жәнібековтің мәдениет жолындағы табандылығы мен қайсарлығы бізге «мәдени майданның» мәнін ұғындырды. Бұл кітапты ел тарихына, ұлттық мұраға қызығатын жастарға, мемлекеттік қызметтегі мамандарға ұсынуға болады. Себебі рухани жаңғыру – жеке адамнан басталады.

«Заманай мен Аманай» Сәкен Жүнісов

Тағдыр тәлкегі мен уақыт шындығын қатар өрген шығарма. Заман мен адам, өзгеріс пен сенім тақырыбы бүгін де өзекті. Кейіпкерлерге хат жазу арқылы біз адам болмысының күрделілігін, ана жүрегінің тереңдігін тағы бір зерделедік. Бұл туындының өмірдің мәнін іздеген, тарихи кезеңдерге қызығатын оқырманға дәріптеуге болады.

«Сөз менеджменті» Жандарбек Бұлғақов

Қазіргі заман талабы – тиімді коммуникация. Бұл еңбек кітапханашының да кәсіби құралына айналары сөзсіз. Сөзді басқару, аудиториямен жұмыс істеу, ойды жүйелеу – бүгінгі ақпарат дәуіріндегі маңызды дағды. Кітапты жас мамандарға, спикерлерге, ұстаздарға ұсынуға болады.

Жоба тапсырмаларының ерекшелігі – шығарманы өмірмен байланыстыру. Ұнаған үзіндіні таңдап, неге әсер еткенін түсіндіру; кейіпкерге хат жазып, ішкі диалог құру; кітапты кімге, не үшін ұсынатынымызды нақтылау – мұның бәрі кітапханашының тек ақпарат таратушы емес, рухани бағдар беруші екенін айқындайды.

«Кітапханашы оқиды» – бұл атау ғана емес, бұл – ұстаным. Кітапханашы оқыса, ауыл оқиды. Ауыл оқыса, ұлт оянады.

Бүгін біз төрт кітапты парактап отырмыз. Ертең – жүздеген оқырман сол кітаптарды қолына алады. Өйткені кітапты шынайы сүйген жан ғана оны өзгеге жүрекпен ұсына алады.

Қазығұрт аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі «Кітапханашы оқиды» жобасына қатысушы кітапханашылар:
Дана КАДИРОВА,
Зарина БАРХЫБАЕВА,
Роза АДИНОВА,
Мадина ТӘЖІБАЕВА,
Анар МЕЙІРМАНКУЛОВА

Айтары бар ақпарат

**ЕНДІ АТА-АНА БАЛАСЫН
WHATSAPP-ТА БАҚЫЛАЙ АЛАДЫ**

WhatsApp әзірлеушілері кәмелетке толмаған қолданушылардың қауіпсіздігін күшейту үшін жаңа мүмкіндік қосуды жоспарлап отыр. Енді ата-аналар баласына шектеулері бар арнайы қосымша аккаунт аша алады. Бұл – мүмкіндіктері шектелген жеке профиль: егер бала WhatsApp белгілеген ең төменгі жас талаптарына сәйкес келмесе, қосымшаны толық пайдалану үшін ата-анасының көмегімен осындай аккаунт тіркеуі қажет болады.

Қосымша профиль арқылы жас қолданушы байланыс тізімінде жоқ адамдарға жазып, олардан хабарлама немесе қоңырау қабылдай алмайды. Wabetainfo дерегінше, ата-аналар баланың белсенділігі туралы мәлімет алып отырады: мысалы, жаңа контакт қосқаны жөнінде хабарлама келеді, алайда жүйе хаттардың мазмұнын көрсетпейді. Аккаунтты тіркеу кезінде ата-ана QR-кодты сканерлеп, кейін 6 таңбалы негізгі PIN-код орнатады. Бұл код баптауларды рұқсатсыз өзгертуге жол бермей, бақылау функцияларын басқаруға мүмкіндік береді. Профильді толық іске қосу үшін сол PIN-код қосымша аккаунтта енгізіледі.

Қауіпсіздік мақсатында мұндай аккаунттарда кейбір бөлімдер қолжетімсіз болады: мысалы, жас қолданушылар «Жаңартулар» (Updates) функциясына кіре алмайды, яғни кең аудиториямен контент



бөлісу функцияларын пайдаланбайды. Қосымша аккаунт ата-ана шешімін өзгерткенге дейін немесе қолданушы WhatsApp-та рұқсат етілген жасқа толғанға дейін жұмыс істейді. Жасы сәйкес келгеннен кейін оны негізгі профильден ажыратып, қосымшаның барлық мүмкіндігін толық қолдануға болады.

**ТАУАР ТАҢБАСЫН ҚОРҒАУ МЕН
КОНТРАФАКТІЛІК ӨНІМДЕРГЕ
КҮРЕС ЖҮЙЕЛІ ЖҮРГІЗІЛУДЕ**

Тауар таңбасын заңсыз пайдалану және контрафактілік өнімдер тек құқық иеленушілерге ғана емес, мемлекет экономикасына және тұтынушыларға да елеулі зиян келтіреді. Біріншіден, адал кәсіпкерлердің беделіне нұқсан келеді. Екіншіден, бюджетке түсетін салық көлемі азаяды. Үшіншіден, сапасыз әрі заңсыз өнімдер азаматтардың денсаулығына қауіп төндіреді.

Осы тұрғыда Шымкент қаласының Әділет департаментінің Зияткерлік меншік құқығы бөлімі атқарып отырған жұмыс – құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудің маңызды бөлігі. Мұндай шаралар тауар таңбаларын заңсыз пайдаланудың алдын алып қана қоймай, қоғамда зияткерлік меншікке деген құрметті қалыптастырады.

Қазіргі таңда зияткерлік меншік құқығын қорғау – экономиканың тұрақты дамуы мен әділ бәсекелестікті қамтамасыз етудің маңызды тетігі. Осы бағытта Шымкент қаласының Әділет департаментінің Зияткерлік меншік құқығы бөлімі жүйелі түрде жұмыс атқаруда. Аталған бөлімнің негізгі міндеттеріне тауар таңбаларына құқықтарды қорғау, контрафактілік өнімдердің заңсыз айналымының алдын алу, құқық иеленушілердің мүдделерін қорғау, сондай-ақ халық арасында құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізу жатады.

Бұдан бөлек, қоғамда заңсыз тауар таңбасын пайдалану, авторлық және сабақтас құқықтарды бұзу, сапасыз әрі қауіпті өнімдерді тарату сияқты құқық бұзушылықтармен күресуге көмектеседі. Нәтижесінде адал кәсіпкерлердің құқығы қор-

ғалып, тұтынушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі. Бүгінде Департамент тарапынан бірқатар нақты шаралар қабылданып, нәтижелі жұмыстар атқарылып келеді.

Сол жұмыстардың бірі – 2025 жылғы 15 желтоқсанда жүргізілген арнайы іс-шара. Шымкент қаласының Әділет департаменті Шымкент қаласының Полиция департаменті бірлесіп, контрафактілік өнімдердің заңсыз айналымын тоқтату мақсатында тексеру жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде жалған газдалған сусындардың партиясы жойылды.

Ал 2025 жылдың қараша айында Шымкент қаласындағы супермаркеттердің бірінде жүргізілген бірлескен тексеру барысында «Натахтари» тауар белгісімен шығарылған 140 дана контрафактілік газдалған сусын анықталды. Тексеру жұмыстары барысында заңсыз айналымдағы контрафактілік өнімдер тәркіленіп, толықтай жойылды.

Бұл жағдай тауар таңбасын заңсыз пайдалану жауапкершіліктен тыс қалмайтын және зияткерлік меншік құқығын қорғау бағытындағы жұмыстардың нақты нәтиже беріп отырғанын көрсетеді.

Контрафактілік өнімдермен жүйелі күрес жүргізу арқылы мемлекет экономикалық тұрақтылықты нығайтып, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін сенімді қорғай алады.

М.А.ШЕРІ,

Шымкент қаласы Әділет департаментінің Зияткерлік меншік құқығы бөлімінің жетекші маманы



**ҚОҒАМНЫҢ ЦИФРЛЫҚ
ТРАНСФОРМАЦИЯ
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЗАҢҒЕРІ**

Мамандық таңдау – өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек. Қазіргі таңда мамандықтың түрі көп. Таңдау жасау оңай емес. Ең бастысы – адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет және оның мамандығы өзі өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қосатындай болуы шарт. Әлемде 40 мыңға жуық әртүрлі мамандықтар бар, солардың бірегейі заңгерлік.

Орталық Азия инновациялық университетінде «Бизнес және құқық» факультетіне қарасты «Құқық» кафедрасында «Құқық», «Құқықтану» және «Цифрлық заңгер» білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярланады.

«Құқық» кафедрасында «Құқық», «Құқықтану» және «Цифрлық заңгер» білім беру бағдарламалары еліміздің құқықтық мемлекеттілігін жетілдірудің қажетті шарты ретіндегі қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, білім алушылардың әлемдік танымын қалыптастыру, қоғамдық және құқықтық мәдениет және жеке құқық танымын жоғарылатуды мақсат етеді. Ұлттық құқықтық жетекші салаларында кәсіби күзреттілікті толық игеріп, сапалы кәсіби білім алу үшін жағдайлар жасайды.

Қазіргі қазақстандық қоғамда заңгерлер мен заң ғылымының рөлі табиғи түрде артып келеді. Қоғамда құқық әлеуметтік қатынастарды реттеуде үлкен рөл атқарады. Заң ғылымының рөлінің артуы тәуелсіз мемлекет құрумен, сондай-ақ қоғамдық өмірдің

барлық салаларында жүргізіліп жатқан реформалармен байланысты.

Университетімізде «Құқық», «Құқықтану» және «Цифрлық заңгер» білім беру бағдарламалары бойынша білікті профессор-оқытушылар қызмет атқарады.

2023 жылдың 21 қыркүйегінен бастап Орталық Азия Инновациялық Университеті жанынан Шымкент қаласы бойынша «SR тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың Қазақстандық Лигасы» Республикалық Қоғамдық Бірлестігінің өкілдігі ашылған. Сонымен қатар, университет ішінде кәсіби медиатор кабинеті жұмыс істейді.

Орталық Азия инновациялық университеті «Бизнес және құқық» факультетіне қарасты «Құқық» кафедрасында «Құқық», «Құқықтану» және «Цифрлық заңгер» білім беру бағдарламаларының білім алушылары медиация бойынша білімдерін жетілдіріп, арнайы сертификат иеленеді.

Орталық Азия инновациялық университетінің «Құқық» кафедрасы

ХАБАРЛАНДЫРУ

«КомфортПроект» ЖШС «Астана қаласы, Нұра ауданы, Е13, Е15, Е26, Е28 көшелері шаршысында орналасқан жапсарлас салынған үй-жайлары және паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй кешені. Демонтаждау жұмыстары» жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

«КомфортПроект» ЖШС-ның мекен-жайы: Астана қ., Нұра ауданы, Қараөткел мөлтек ауданы, Қазанат көшесі, ғимарат 1/1. Телефоны: +77075140551, e-mail: komfortproekt6@gmail.com
Жобалық құжаттама пакетімен танысу және барлық ескертулер мен ұсыныстар ndbecology.gov.kz ақпараттық жүйесінде 2 наурыз бен 6 наурыз (қоса алғанда) аралығында мүмкін болады.
Қосымша ақпаратты: +7(771) 5012674 телефоны бойынша алуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «КомфортПроект» сообщает о том что, состоятся общественные слушания в форме публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к Рабочему проекту «Многоквартирный жилой комплекс со встроенными помещениями и паркингом, в г. Астана, район «Нұра», в квадрате улиц Е13, Е15, Е26, Е28. Демонтажные работы»
Адрес ТОО «КомфортПроект»: г.Астана, район Нура, микрорайон Караөткель, улица Казанат, здание 1/1. Телефон: +77075140551, e-mail: komfortproekt6@gmail.com
Ознакомиться с пакетом проектной документации, а также оставить замечания и/или предложения будет возможно в срок с 2 по 6 марта (включительно) на информационной системе ndbecology.gov.kz.
Дополнительную информацию можно получить по телефону: +7(771) 5012674.

Редакция мекен-жайы: Шымкент қаласы, Ақпан батыр көшесі, 7. E-mail: kyzmet_kz@mail.ru

ӨЗГЕНІ СЫНАҒАНША, ӨЗІНДІ ТҮЗЕТІ
ҚЫЗМЕТ
Меншік иесі:
«Қызмет Газеті» ЖШС
Директор:
Бейсенкүл НАРЫМБЕТОВА

Бас редактор:
Мақпал ҚҰРБАНҚЫЗЫ
Тілші:
Сейдалы ДҮЙСЕБАЙҰЛЫ
Әлия ӘУЕСБЕКОВА
Тарату бөлімі:
Дина ХАЙМЕТОВА
+7771 66 88 765,
+7775 650 27 75

Газет 2009 жылдың
29 мамырында ҚР
Мәдениет және
ақпарат
министрлігінде
тіркеліп, мерзімді
баспасөз
басылымдарын есепке
алу туралы №10166-Г
куәлігі берілген.

Редакция авторлар мақаласына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. «Қызмет» газетінде жарияланған материалдар мен суреттерді көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Газетте жарияланған жарнама мәтіні мен сапасына редакция жауап бермейді. Газеттің кейбір материалдары мен суреттері интернет желісінен алынған.

Газет жұма күндері шығады
Газет «M-press» ЖШС Баспа үйінде басылды. Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов к-сі, 18-үй
Таралымы 3100 дана. Тапсырыс